

Инвестициялар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 373 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 29.10.2015 № 375-V Кодексімен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы инвестицияларға байланысты қатынастарды реттейді, инвестицияларды ынталандырудың құқықтық және экономикалық негіздерін айқындайды, Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асырған кезде инвесторлардың құқықтарын қорғауға кепілдік береді, инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын, инвесторлар қатысатын дауларды шешу тәртібін белгілейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) жинақтауыштар – жиынтығында технологиялық жабдықтың конструкциялық тұтастығын құрайтын және Кеден одағының Комиссиясы жасаған тауарлардың тиісті тізбесіне енгізілген құрамдас бөліктер;
- 2) жұмыс бағдарламасы – инвестициялық келісімшартқа өндіріс пайдалануға берілгенге дейін инвестициялық жобаны іске асыру жөніндегі жұмыстардың күнтізбелік кестесін, сондай-ақ өндіріс пайдалануға берілгеннен кейін жобаның негізгі өндірістік көрсеткіштерін айқындайтын қосымша;
- 3) инвестициялар – лизинг шарты жасалған кезден бастап қаржы лизингі заттарын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына немесе кәсіпкерлік қызмет үшін, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайтуға инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа);
- 4) инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, инвестициялық келісімшарттар жасасу және олардың орындалуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган;

4-1) инвестициялық басым жоба – тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен белгілі бір қызметтің басым түрлері бойынша жаңадан құрылған заңды тұлға іске асыратын және республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және инвестициялық преференциялар беруге өтінім берілген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің екі миллион еселенген мөлшерінен кем емес мөлшердегі инвестицияларды жүзеге асыруды көздейтін инвестициялық жоба ;

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

5) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 31.10.2015 № 378-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

5) инвестициялық дау – инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы шарттық міндеттемелерден т у ы н д а й т ы н да у ;

6) инвестициялық жоба – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру барысында құрылған, кеңейтілген және жаңартылған өндірістерді қоса алғанда, жаңа өндірістер құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге және жаңартуға инвестициялар көздейтін іс-шаралар к е ш е н і ;

7) инвестициялық келісімшарт – инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске а с ы р у ғ а арналған шарт ;

8) инвестициялық қызмет – жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу жөніндегі не кәсіпкерлік қызмет үшін, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді түзу немесе ұлғайту жөніндегі қызметі;

8-1) инвестициялық омбудсмен – Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын, инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу жөніндегі функциялар жүктелетін лауазымды адам;

9) инвестициялық преференциялар – Қазақстан Республикасының инвестициялық жобаны іске асыруды жүзеге асыратын заңды тұлғаларына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілетін атаулы сипаттағы артықшылықтар ;

10) инвестициялық стратегиялық жоба – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбеге енетін және Қазақстан Республикасының экономикалық дамуына стратегиялық ықпал етуге қабілетті инвестициялық жоба;

10-1) инвестициялық субсидия – инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына өтеусіз және қайтарылмайтын негізде инвестициялық

преференция ретінде берілетін бюджеттік субсидия түрі;

11) инвестор – Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар;

11-1) инвесторлар үшін «бір терезе» – инвесторлардың құжаттарды жинау мен дайындауға қатысуын барынша азайтуды және олардың мемлекеттік органдармен тікелей байланысын шектеуді көздейтін, инвесторларға мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуда уәкілетті орган тарапынан жәрдемдесудің орталықтандырылған нысаны;

12) Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылған заңды тұлға, оның ішінде шетелдік қатысумен құрылған заңды тұлға;

13) мемлекеттік заттай гранттар – Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын, кейіннен меншікке не жер пайдалануға өтеусіз беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына инвестициялық жобаны іске асыру үшін уақытша өтеусіз пайдалануға берілетін не уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен ұсынылатын мүлік;

14) миноритарлық инвестор – дауыс беретін акциялардың он пайызынан аз (қатысушылар дауысының жалпы санының он пайызынан аз) мөлшерде инвестицияларды жүзеге асырған инвестор;

15) модельдік келісімшарт – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін және инвестициялық келісімшарттар жасасқан кезде пайдаланылатын үлгі келісімшарт;

16) технологиялық жабдық – инвестициялық жобаның технологиялық процесінде пайдалануға арналған тауарлар.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

1-бапты 17) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР 31.10.2015 № 378-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.20 N 567-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.06.2014 № 209-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 380-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 362-V (01.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2 . О с ы З а ң :

мемлекеттік бюджет қаражатынан инвестицияларды жүзеге асыруға; коммерциялық емес ұйымдарға, оның ішінде білім беру, қайырымдылық, ғылыми немесе діни мақсаттар үшін капитал салуға байланысты қатынастарды реттемейді.

3. Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде туындайтын және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының қолданылатын аясына қатысты қатынастарға осы Заңның ережелері Қазақстан Республикасының осындай заңдарына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

3-1. Инвестордың жасалған инвестициялық келісімшарт бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуына байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту заңнамасында реттеледі.

4. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.02.19. N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 12.06.2014 № 209-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Инвестициялық қызмет объектілері

1. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, инвесторлардың кәсіпкерлік қызметтің кез келген объектілері мен түрлеріне инвестициялар салуды жүзеге асыруға құқығы бар.

Инвесторлардың кәсіпкерлік қызметтің инвестициялар жүзеге асырылатын объектілері мен түрлеріне қатысты құқықтары мен міндеттері осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және тиісті шарттарда белгіленеді.

2. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігі негізге алына отырып, Қазақстан Республикасының заң актілерімен инвестициялық қызмет шектелетін немесе оған тыйым салынатын қызмет түрлері және (немесе) аумақтар белгіленуі м ү м к і н .

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.02.19. N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

2-тарау. ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІ

4-бап. Қазақстан Республикасының аумағында инвесторлар қызметін құқықтық қорғау кепілдіктері

1. Инвестордың құқықтары мен мүдделері толық және сөзсіз қорғалады, ол Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен және Республиканың өзге де нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен қамтамасыз етіледі.

2. Инвестордың мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келмейтін актілер шығаруы салдарынан, сондай-ақ осы органдардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) салдарынан өзіне келтірілген-зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өтеткізуге құқығы бар.

3. Шарттарға өзгерістер тараптардың келісімі бойынша енгізілетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы инвесторлар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасында жасалған шарттар талаптарының тұрақтылығына кепілдік береді.

Бұл кепілдіктер:

1) импорттың, өндірістің, акцизделетін тауарлар өткізудің тәртібі мен талаптарын өзгертетін Қазақстан Республикасының заңдарындағы өзгерістерге және (немесе) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын күшіне енгізуге және (немесе) олардың өзгерістеріне;

2) ұлттық және экологиялық қауіпсіздікті, денсаулық сақтау мен имандылықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заң актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қолданылмайды.

5-бап. Кірістерді пайдалану кепілдіктері

Инвесторлар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін өзінің қызметінен алынған кірістерді өз қалауы бойынша пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының аумағындағы банктерде Қазақстан Республикасының банктік және валюталық заңдарына сәйкес ұлттық валютамен және (немесе) шетелдік валютамен банктік шоттар ашуға құқылы.

6-бап. Мемлекеттік органдардың инвесторларға қатысты қызметінің жариялылығы және инвесторлардың инвестициялық қызметті жүзеге асыруға байланысты ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының инвесторлардың мүдделерін қозғайтын ресми хабарлары және нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарияланады.

2. Миноритарлық инвесторларды қоса алғанда, инвесторлардың заңды тұлғаларды тіркеу туралы, олардың жарғылары туралы, жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді тіркеу туралы, берілген лицензиялар туралы ақпаратқа, сондай-ақ олардың инвестициялық қызметті жүзеге асыруымен байланысты коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтымайтын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген өзге де ақпаратқа еркін қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.02.19. N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

7-бап. Мемлекеттік органдардың инвесторлар қызметін бақылауды жүзеге асыруы

1. Инвесторлардың қызметін бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарымен осындай құқық берілген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

2. Инвесторлардың қызметін бақылауды жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

8-бап. Мемлекет меншігіне алу және реквизициялау кезіндегі инвесторлар құқықтарының кепілдіктері

1. Мемлекеттік мұқтаждар үшін инвестордың мүлкін мәжбүрлеп алып қоюға (мемлекет меншігіне алуға, реквизициялауға) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген ерекше жағдайларда жол беріледі.

2. Мемлекет меншігіне алынған кезде инвесторға Қазақстан Республикасы мемлекет меншігіне алу туралы Қазақстан Республикасының заң актілерін шығару салдарынан оған келтірілген залалды толық көлемінде өтейді.

3. Инвестордың мүлкін реквизициялау оған мүліктің нарықтық құнын төлей отырып жүзеге асырылады.

Мүліктің нарықтық құны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

4. Меншік иесіне реквизицияланған мүліктің құны өтелген бағаға ол сот тәртібімен дауласуы мүмкін.

5. Реквизициялаудың жүргізілуіне байланысты мән-жайлардың қолданылуы тоқтатылған кезде инвестор сақталған мүліктің қайтарылуын талап етуге құқылы, бірақ бұл ретте мүлік құнының төмендеуінен болған ысырапты ескере отырып, өзі алған өтем сомасын қайтаруға міндетті.

9-бап. Дауларды шешу

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР 31.10.2015 № 378-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Инвестициялық даулар келіссөздер жолымен, оның ішінде сарапшыларды тарта отырып не дауларды шешудің тараптармен бұрын келісілген рәсіміне сәйкес шешілуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес инвестициялық дауларды шешу мүмкін болмаған жағдайда дауларды шешу Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының соттарында, сондай-ақ тараптардың келісім-шарттарымен айқындалатын халықаралық төрелік соттарда жүргізіледі.

3. Инвестициялық дауларға жатпайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

10-бап. Инвестор құқықтарының басқа тұлғаға ауысуы

Егер шет мемлекет немесе ол уәкілдік берген мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты берілген кепілдік (сақтандыру шарты) бойынша инвестордың пайдасына төлем жүргізетін болса және аталған инвестицияларға инвестордың құқықтары осы шет мемлекетке не ол уәкілдік берген мемлекеттік органға ауысатын болса (талаптар берілетін болса), Қазақстан Республикасында құқықтардың осылай ауысуы (талаптардың берілуі) инвестор Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асырған және (немесе) ол белгілі бір шарттық міндеттемелерін орындаған жағдайда ғана заңды деп танылады.

3-тарау. ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

11-бап. Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсаты

1. Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсаты экономиканың дамуы үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау және осы заманғы технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістер құруға жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту мен жаңартуға, қазақстандық кадрлардың біліктілігін арттыруға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға инвестицияларды ынталандыру болып табылады.

2. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау инвестициялық преференциялар беру болып табылады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.04. N 48 Заңымен.

12-бап. Уәкілетті орган

1. Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органның өз құзыреті шегінде және өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының жеке

және заңды тұлғалары арасынан консультанттар мен сарапшылар тартуға құқығы
б а р .

2-1. **Алып тасталды - ҚР 27.10.2015 № 362-V Заңымен (01.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2-2. Уәкілетті орган мүдделі заңды тұлғалар тарапынан кепілдендірілген тапсырысты қамтамасыз етуде уәкілетті орган мен инвестор арасында жасалған инвестициялық келісімшартқа сәйкес инвесторларға жәрдемдеседі.

3. Уәкілетті органның қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін
Е р е ж е м е н р е т т е л е д і .

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 12.06.2014 № 209-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 362-V (01.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-1-бап. Инвестициялық омбудсмен

1. Инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық омбудсмен:

1) Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелер бойынша инвесторлардың өтініштерін қарайды және оларды шешу үшін, оның ішінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, ұсынымдар шығарады;

2) туындайтын мәселелерді соттан тыс және сотқа дейінгі тәртіппен шешуде инвесторларға жәрдем көрсетеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсынымдарды тұжырымдайды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

2. Инвестициялық омбудсмен қызметі туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. Заң 12-1-баппен толықтырылды - ҚР 12.06.2014 № 209-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-2-бап. Инвесторларға мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде жәрдем көрсету

Ескерту. 12-2-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 362-V Заңымен (01.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Инвесторлар үшін «бір терезе» жасау және оның жұмыс істеуі үшін уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдауға және олардың нәтижелерін инвесторларға немесе олардың заңды өкілдеріне беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерден мәліметтер алу арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған арнайы бөлінген орынды ұйымдастырады.

Бұдан басқа уәкілетті орган инвесторларға немесе олардың өкілдеріне қ а т ы с т ы :

1) бұрыннан бар мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша қабылдауды және консультация беруді;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін қажетті құжаттарды дайындау мен ресімдеуге көмектесуді;

3) электрондық цифрлық қолтаңбаны, электрондық өтініштер мен басқа да құжаттарды ресімдеуге көмектесуді;

4) осы бапта айқындалған тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алған кезде орталық және жергілікті атқарушы органдарда инвесторды қолдауды жүзеге асырады.

2. Инвесторлар үшін «бір терезе» қызметін ұйымдастыру туралы қағидаларды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және онда:

1) инвесторларды немесе олардың заңды өкілдерін қабылдауды және консультация беруді жүзеге асыру;

2) мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін инвесторларға немесе олардың заңды өкілдеріне беру;

3) уәкілетті орган мен мемлекеттік органдар арасында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

4) уәкілетті органның инвесторды мемлекеттік органдарда қолдауы;

5) инвесторлар үшін мемлекеттік қызметтер көрсету процесін мониторингілеу тәртібі көзделуге тиіс.

3. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты мемлекеттік органдармен бірлескен бұйрықпен инвесторларға мемлекеттік қызметтер көрсету шеңберінде өзара іс-қимыл жасау және уәкілетті органның инвесторды мемлекеттік органдарда қолдауы үшін жауапты тұлғаларды айқындайды.

4. Уәкілетті орган инвесторлар үшін «бір терезе» шеңберінде орталық және жергілікті атқарушы органдар алдында инвестордың өтінішін қарау туралы өтінішхат беруге және инвесторлардың құжаттарын мемлекеттік органдарға енгізуге қ ұ қ ы л ы .

Ескерту. 3-тарау 12-2-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 362-V Заңымен (01.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Инвестициялық преференциялардың түрлері

1. Инвестициялық жоба (оның ішінде инвестициялық басым жоба) бойынша инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері беріледі:

1) кедендік баждарды салудан босату;

2) мемлекеттік заттай гранттар.

2. Инвестициялық басым жоба бойынша инвестициялық преференциялардың

мынадай түрлері (бұдан әрі – инвестициялық басым жоба үшін инвестициялық преференциялар) беріледі:

- 1) салықтар бойынша преференциялар;
- 2) инвестициялық субсидия.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 12.06.2014 № 209-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-бап. Инвестициялық преференцияларды алу тәртібі

1. Инвестициялық преференцияларды алу үшін Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы уәкілетті органға инвестициялық преференциялар беруге өтінім және өтінім берушінің осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жібереді.

2. Инвестициялық преференциялар уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының инвестициялық жобаны іске асыратын заңды тұлғасы арасында жасалған инвестициялық келісімшарт негізінде беріледі.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 12.06.2014 № 209-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Инвестициялық преференциялар беру шарттары

1. Инвестициялық преференциялар:

1) инвестициялық жоба бойынша – Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына ;

2) инвестициялық басым жобаға – Қазақстан Республикасының жаңадан құрылған заңды тұлғасына беріледі.

Инвестициялық басым жоба үшін инвестициялық преференцияларды қолдану мақсаттары үшін мынадай шарттарға сәйкес келетін заңды тұлға:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу инвестициялық преференциялар беруге өтінім берілген күнге дейін күнтізбелік он екі айдан аспай жүзеге асырылса;

2) заңды тұлға инвестициялық басым жобаларды іске асыру үшін айқындалған басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізілген қызмет түрлерін жүзеге асырса ;

3) инвестициялық басым жобаны іске асыру бір инвестициялық келісімшарт шеңберінде ғана жүзеге асырылса, Қазақстан Республикасының жаңадан құрылған заңды тұлғасы болып табылады.

2. Инвестициялық преференциялар заңды тұлға Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қызметтің басым түрлерінің тізбесіне енгізілген қызмет түрлері бойынша инвестициялық жобаны іске асыру кезінде беріледі.

Қызметтің басым түрлерін айқындау техникалық реттеу саласындағы

уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына сәйкес жүзеге асырылады.

Инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қызметтің басым түрлері тізбесінің құрамында басым жобалардың тізбесі бекітіледі, ол Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық қызмет саласындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес қалыптастырылады.

Инвестициялық басым жобаларды іске асыру үшін айқындалған басым қызмет түрлерінің тізбесіне мынадай қызмет түрлері енгізілуге жатпайды:

- 1) ойын бизнесі саласындағы қызмет;
- 2) жер қойнауын пайдалану саласындағы қызмет;
- 3) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы»

Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 279-бабы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды шығаруды, жинауды (жинақтауды) қоспағанда, акцизделетін тауарлар шығару жөніндегі қызмет.

Инвестициялық басым жобаларды іске асыру үшін айқындалған қызметтің басым түрлерінің тізбесін қоса алғанда, қызметтің басым түрлерінің тізбесі жылына бір реттен артық қайта қаралмайды.

3. Инвестициялық басым жоба үшін инвестициялық преференциялар мынадай шарттар сақталған кезде:

1) м ы н а л а р д ы :

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына және Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасына сәйкес дербес білім беру ұ й ы м д а р ы н ;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына және Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және инвестициялық преференциялар беруге өтінім берілген күнге қолданыста болатын, айлық есептік көрсеткіштің екі миллион еселенген мөлшерінен кем емес мөлшердегі инвестицияларды жүзеге асыратын, инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінім берілген күнге әрекет ететін Қазақстан Республикасының жаңадан құрылған заңды тұлғасы алушы болып т а б ы л с а ;

2) Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) ретіндегі мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің үлесі жиырма бес пайыздан аспаса беріледі.

Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) ретіндегі мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қатысуы инвестициялық келісімшарт тіркелген күннен

бастап бес жылдан аспайтын мерзімді құрайды. Бес жыл ішінде мемлекет және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісі Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан шығуға міндетті. Бұл талап орындалмаған жағдайда, инвестициялық преференцияларды қолдану ол (олар) Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан толық шыққанға дейін бір жылдан аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады.

Тоқтатыла тұрған кезең ішінде Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан шығу туралы талапты орындамау инвестициялық келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатуға және бұрын берілген инвестициялық преференцияларды қайтаруға әкеп соғады;

3) инвестициялық басым жобаны іске асыру үшін қаржыландыру көздері не кепілдіктері ретінде бюджет қаражаты тартылмаса;

4) инвестициялық қызмет мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты шеңберінен тыс жүзеге асырылса;

5) инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімде инвестициялық субсидияларды беру көзделетін болса, әрбір инвестициялық басым жоба бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің инвестициялық субсидиялар беру туралы шешімі қажет болған жағдайда беріледі.

4. Инвестициялық преференцияларды қолдану мерзімі осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленеді және инвестициялық келісімшартта инвестициялық преференциялардың әрбір түрі б о й ы н ш а к ө р с е т і л е д і .

5. Инвестициялық преференциялар инвесторға осы Заңның 19-бабында көзделген, инвестордың қойылатын талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттар ұсынылған кезде беріледі.

6. Инвестициялық преференцияларды қолдану осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 12.06.2014 № 209-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 362-V (01.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 380-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Инвестициялық салықтық преференциялар

Ескерту. 16-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Кеден баждарын салудан босату

1. Инвестициялық келісімшарт шеңберінде инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы Кеден одағының заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес технологиялық жабдықтың, оның жинақтауыштары мен қосалқы бөлшектерінің, шикізаттың және (немесе) материалдардың импорты кезінде кедендік баждар салудан босатылады.

2. Технологиялық жабдықтың және оның жинақтауыштарының импорты кезінде кеден баждарын салудан босату инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзіміне, бірақ инвестициялық келісімшарт тіркелген кезден бастап 5 жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

3. Технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерінің, шикізаттың және (немесе) материалдардың импорты кезінде 5 жылға дейінгі мерзімге кедендік баж салудан босату тіркелген активтерге инвестициялардың көлеміне қарай және инвестициялық жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қызметтің басым түрлерінің тізбесіне сәйкес келген жағдайда Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына беріледі.

Кеден баждарын салудан босату инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзіміне, бірақ жұмыс бағдарламасы бойынша тіркелген активтерді пайдалануға енгізген күннен бастап 5 жылдан аспайтын мерзімге беріледі. Егер жұмыс бағдарламасында екі немесе одан көп тіркелген активтерді пайдалануға енгізу көзделетін жағдайда, технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерін, шикізатты және (немесе) материалдарды әкелуге кеден баждарын төлеуден босату мерзімін есептеу жұмыс бағдарламасы бойынша бірінші тіркелген актив пайдалануға енгізілген күннен бастап жүргізіледі.

4. Осы баптың 2-тармағына сәйкес қабылданған шешім туралы хабарламаны уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік кіріс органына жібереді.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.20 N 567-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 12.06.2014 № 209-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Мемлекеттік заттай гранттар

1. Мемлекеттік заттай гранттарды осы Заңда белгіленген тәртіппен уәкілетті орган мемлекеттік мүлікті және (немесе) жер ресурстарын басқару жөніндегі тиісті уәкілетті органдармен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша инвестициялық келісімшартқа сәйкес инвестициялық міндеттемелер орындалған жағдайда уақытша өтеусіз пайдалануға не уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен ұсына отырып, кейіннен меншікке не жер пайдалануға

Уәкілетті органның шешімі ұсынылған мемлекеттік заттай грантты меншікке немесе жер пайдалануға өтеусіз беру үшін негіз болып табылады. Уәкілетті органның шешімі инвестор мен уәкілетті орган арасында жасалған инвестициялық келісімшартқа сәйкес инвестор инвестициялық міндеттемелерін орындаған жағдайда, инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін қабылданады.

2. Мемлекеттік заттай гранттар ретінде: жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, машиналар мен жабдықтар, есептеу техникасы, өлшейтін және реттейтін аспаптар мен құрылғылар, көлік құралдары (жеңіл автокөлікті қоспағанда), өндірістік және шаруашылық саймандар берілуі мүмкін.

3. Мемлекеттік заттай гранттарды бағалау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен олардың нарықтық құны бойынша жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік заттай гранттың ең жоғарғы мөлшері Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының тіркелген активтеріне салынатын инвестициялар көлемінің отыз процентінен аспайды.

Егер сұрау салынған мемлекеттік заттай гранттың бағаланған құны аталған ең жоғарғы мөлшерден асып түссе, Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының сұрау салынған мүлікті оның бағаланған құны мен мемлекеттік заттай гранттың ең жоғарғы мөлшері арасындағы айырманы төлеп алуға құқығы бар.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.05.04 N 48, 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.20 N 567-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-1-бап. Инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыратын заңды тұлғалар (тұлға) үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен жер салығына және мүлік салығына жеңілдіктер

Ескерту. 18-1-бап алып тасталды - ҚР 12.06.2014 № 209-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18-2-бап. Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен елді мекендерде инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыратын заңды тұлғалар үшін өнеркәсіптік жеңілдіктер

Ескерту. 18-2-бап алып тасталды - ҚР 12.06.2014 № 209-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18-3-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген кездегі тұрақтылыққа кепілдік

1. Инвестициялық басым жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға:

1) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес Қазақстан Республикасының салық заңнамасы;

2) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасы шетелдік жұмыс күшін тарту саласында өзгерген кезде, тұрақтылыққа кепілдік беріледі.

2. Инвестициялық келісімшарттың қолданылуы осы Заңда белгіленген тәртіппен мерзімнен бұрын тоқтатылған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының тұрақтылығына кепілдіктің қолданылуы күшін жояды.

Ескерту. Заң 18-3-баппен толықтырылды - ҚР 12.06.2014 № 209-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18-4-бап. Салықтар бойынша преференциялар

1. Салықтар бойынша преференциялар инвестициялық басым жобаларды іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда беріледі.

2. Салықтар бойынша преференциялардың түрлері:

1) есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға азайту;

2) жер салығы мөлшерлемелеріне 0 коэффициентін қолдану;

3) мүлік салығын салық базасына 0 пайыз мөлшерлемесі бойынша есептеу.

3. Инвестициялық келісімшартта салықтар бойынша преференциялардың әрбір түрінің қолданылу мерзімі белгіленеді, бірақ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес айқындалған оларды қолданудың шекті мерзімінен аспайды.

4. Инвестициялық келісімшарттың қолданылуы осы Заңда белгіленген тәртіппен мерзімнен бұрын тоқтатылған жағдайда, салықтар бойынша преференциялардың қолданылуы күшін жояды.

Ескерту. Заң 18-4-баппен толықтырылды - ҚР 12.06.2014 № 209-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18-5-бап. Инвестициялық субсидия

1. Өңірлік дамуға жәрдемдесу мақсатында инвестициялық субсидия Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде инвестициялық басым жобаны іске асыратын инвесторға беріледі.

2. Инвестициялық субсидия қосылған құн салығы мен акциздер есепке алынбай, растайтын құжаттар негізінде құрылыс-монтаж жұмыстарына және жабдық сатып алуға арналған, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптаманың қорытындысы бар жобалау алдындағы құжаттамада көзделген шығындардың құнынан аспайтын іс жүзіндегі шығындардың орнын 30 пайызға дейін толтыру арқылы беріледі.

3. Мыналар инвестордың іс жүзіндегі шығындарын растайтын құжаттар
б о л ы п т а б ы л а д ы :

1) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес ресімделген бастапқы есепке алу құжаттары;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ресімделген ш о т - ф а к т у р а л а р ;

3) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес ресімделген к е д е н д і к д е к л а р а ц и я л а р .

4. Инвестициялық субсидияны төлеу кестесі мен жылдық көлемі инвестициялық субсидияны инвестициялардың көлемі мен инвестициялық басым жобаның рентабельділігіне қарай кезеңге, бірақ өндіріс пайдалануға берілгеннен кейін және инвестициялық келісімшарттың қолданылуы тоқтатылғанға дейін кемінде үш жылға тең үлестермен бөлу арқылы инвестициялық келісімшарт ш е ң б е р і н д е б е л г і л е н е д і .

5. Инвестициялық субсидияларды төлеу инвестор инвестициялық міндеттемелерді орындаған кезде, өндірісті инвестициялық келісімшартта белгіленген толық көлемде пайдалануға бергеннен кейін жүзеге асырылады.

6. Инвестициялық субсидия беру қағидаларын Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і б е к і т е д і .

Ескерту. Заң 18-5-баппен толықтырылды - ҚР 12.06.2014 № 209-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (02.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімге қойылатын талаптар

Инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімді уәкілетті орган б е л г і л е г е н н ы с а н б о й ы н ш а :

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) **Алынып тасталды - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.**

3) заңды тұлға басшысының қолтаңбасымен және мөрімен (ол болған кезде) куәландырылған заңды тұлға жарғысының көшірмесі;

4) инвестициялық жобаның уәкілетті орган белгілейтін талаптарға сәйкес ж а с а л ғ а н б и з н е с - ж о с п а р ы ;

5) инвестициялық жобаны іске асыру кезінде пайдаланылатын құрылыс-монтаж жұмыстарының сметалық құнын және тіркелген активтерді, шикізатты және (немесе) материалдарды сатып алуға шығындарды негіздейтін, тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін құжаттардың заңды тұлға басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған көшірмелері;

6) алып тасталды - ҚР 12.06.2014 № 209-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) өтінім берген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы сұрау салған мемлекеттік заттай гранттың мөлшерін (құнын) және оны беру алдын ала келісілгенін растайтын құжаттар болған жағдайда қабылдайды және тіркейді;

8) алып тасталды - ҚР 2012.02.20 N 567-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы тіркеу орны бойынша мемлекеттік кіріс органының анықтамасы болған кезде қабылданады және тіркеледі.

Егер инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімде инвестициялық субсидия беру көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы осы баптың бірінші бөлігінде көзделген құжаттардан басқа, заңды тұлға басшысының қолымен, мөрімен куәландырылған және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптама қорытындысы бар жобалау алдындағы құжаттаманы ұсынады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2005.05.04 N 48, 2010.03.19 № 258-IV, 2012.02.20 N 567-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.06.2014 № 209-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімді қарау мерзімдері

1. Инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінім уәкілетті органның қарауына беріледі, ол осы Заңның 15-бабында белгіленген талаптарға сәйкес өтінім тіркелген кезден бастап жиырма жұмыс күні ішінде инвестициялық преференциялар беру туралы шешім қабылдап, өтінім берушіге жазбаша түрде жауап жібереді.

2. Инвестициялық преференцияларды беруге жасалған өтінімдерді қабылдау, тіркеу және қарау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.04. N 48, 2009.02.13. N 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Заңдарымен.

21-бап. Инвестициялық келісімшарт жасасу

1. Уәкілетті орган инвестициялық преференциялар беру туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде модельдік келісімшарттың ережелерін ескере отырып, инвестициялық келісімшартты қол қоюға дайындайды.

2. Инвестициялық келісімшартты қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган тіркейді және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Инвестициялық келісімшартты уәкілетті орган тіркеген күн оның жасалған күні болып табылады.

3. Инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі инвестициялық преференциялардың қолданылу мерзімімен айқындалады. Жұмыс бағдарламасы бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде тоғыз ай бұрын бітуге тиіс.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.20 N 567-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 12.06.2014 № 209-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-1-бап. Инвестициялық келісімшарт талаптарының сақталуын бақылау

1. Инвестициялық келісімшарттар талаптарының сақталуын бақылауды уәкілетті орган мынадай нысандарда:

1) камералдық бақылау – уәкілетті орган осы баптың 2-тармағына сәйкес ұсынылған есептерді зерделеу және талдау негізінде жүзеге асыратын бақылау;

2) инвестициялық қызмет объектісіне бара отырып, оның ішінде жұмыс бағдарламасын және инвестициялық келісімшарт талаптарын орындау жөніндегі құжаттарды қарап жүзеге асырады.

2. Инвестициялық келісімшарт жасасқаннан кейін Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша тіркелген активтердің пайдалануға берілуін, технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерінің, шикізаттың және (немесе) материалдардың жеткізілуі мен пайдаланылуын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жұмыс бағдарламасында көзделген шығындар баптары бойынша таратып жазып, инвестициялық келісімшарттың орындалуы туралы жартыжылдық есептерді

жиырма бесінші шілдеден және жиырма бесінші қаңтардан кешіктірмей береді.

3. Жұмыс бағдарламасына өзгерістер тараптардың келісімі бойынша жылына бір рет енгізіле алады.

4. Инвестициялық қызмет объектісіне бара отырып, тексеру:

1) жұмыс бағдарламасы аяқталған жағдайда, инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі біткенге дейін үш ай қалғанда аяқталатын алты ай кезеңінде;

2) кедендік баждар салудан босатылатын технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектері, шикізат және (немесе) материалдар импорты жүзеге асырылған жылдан кейінгі жылдан бастап, жыл сайын жүргізіледі.

5. Тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның өкілі мен инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлғаның басшысы инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасының орындалуының ағымдағы жай-күйі туралы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша актіге қол қояды.

6. Инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасы орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлғасына бұзушылықтарды көрсете отырып, жазбаша нысанда хабарлама жібереді және бұзушылықтарды жою үшін үш ай мерзім белгілейді.

7. Егер уәкілетті орган жүргізген тексеру нәтижелері бойынша инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінген және кедендік баждар төлеуден босатылған технологиялық жабдық, оның жинақтауыштары, қосалқы бөлшектері, шикізат және (немесе) материалдар пайдалануға берілмегені не пайдаланылмағаны анықталған жағдайда, инвестициялық келісімшарт бойынша ұсынылған инвестициялық преференциялар салдарынан кедендік баждардың сомасын төлемеген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімпұлды есептей отырып, пайдаланылаған жабдық, оның жинақтауыштары, қосалқы бөлшектері, шикізаттар және (немесе) материалдар бөлігінде оларды төлейді.

7-1. Қазақстан Республикасының инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлғасы жұмыс бағдарламасын іске асыруды аяқтағаннан кейін уәкілетті органға аудиторлық есеп ұсынады, онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) жұмыс бағдарламасына сәйкес инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат;

2) жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған тіркелген активтер бойынша тартып жазу;

3) жұмыс бағдарламасының орындалғанын растайтын құжаттардың жиынтық тізілімі;

4) инвестициялық келісімшарт талаптарының орындалуы туралы мәліметтер.

8. Инвестициялық келісімшарттың бұзылуы туралы ақпарат мемлекеттің

экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мыналарға:

1) тиісті шаралар қолдану үшін мемлекеттік кіріс органдарына және қажет болған кезде өзге де мемлекеттік органдарға;

2) оларға сәйкес мемлекеттік заттай грант берілген инвестициялық келісімшарттар бойынша мемлекеттік кіріс органдарына, мемлекеттік мүлікті және (немесе) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.

9. Қазақстан Республикасының инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлғасының инвестициялық келісімшарттың қолданылуы барысында:

1) берілген мемлекеттік заттай гранттың, сондай-ақ жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған мүліктің нысаналы мақсатын өзгертуге;

2) берілген мемлекеттік заттай грантты, сондай-ақ жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған мүлікті иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

10. Кедендік баждар салудан босату объектілерінің мақсатты пайдаланылуын бақылау Кеден одағы комиссиясы айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.20 N 567-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 12.06.2014 № 209-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Инвестициялық келісімшартты бұзу жағдайлары

1. Инвестициялық преференциялардың қолданылуы инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі біткен соң тоқтатылады не осы бапта белгіленген тәртіппен осындай мерзім біткенге дейін тоқтатылуы мүмкін.

2. Инвестициялық келісімшарттың қолданылуы:

1) тараптардың келісімі бойынша;

2) бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

3. Инвестор инвестициялық келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде, уәкілетті орган инвесторға инвестициялық келісімшартқа өзгерістер енгізу үшін инвестициялық жобаның одан әрі іске асырылуы мүмкіндіктерін негіздейтін құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хат жібереді.

Егер хатты алған кезден бастап үш ай ішінде инвестор құжаттарды ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган инвесторға хабарлама жіберілген кезден бастап екі ай өткен соң инвестициялық келісімшарттың қолданылуы біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылатыны туралы хабарлама жібереді.

Инвестициялық келісімшарт бұзылған жағдайда, аталған заңды тұлға инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық

преференциялардың нәтижесінде бюджетке төленбеген салықтар мен кедендік баждар сомаларын төлейді.

4. Қазақстан Республикасының инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлғасының бастамасы бойынша инвестициялық келісімшарт біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде көрсетілген заңды тұлға инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар нәтижесінде төленбеген салықтар мен кедендік баждар сомаларын төлейді.

5. Инвестициялық келісімшарт тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Қазақстан Республикасының инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлғасы инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомаларын төлейді.

6. Инвестициялық келісімшарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Қазақстан Республикасының инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлғасы өзіне мемлекеттік заттай грант ретінде берілген мүлікті заттай не инвестициялық келісімшарттың талаптарына сәйкес оның берілген күнгі бастапқы құнын қайтарады.

7. Мемлекеттік заттай грантты қайтаруды Қазақстан Республикасының инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлғасы уәкілетті орган инвестициялық келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдағаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырады.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.20 N 567-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 12.06.2014 № 209-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

23-бап. Инвестициялық келісімшарттардың тұрақтылығы

1. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін уәкілетті органмен жасалған инвестициялық келісімшарттар негізінде берілген жеңілдіктер осы инвестициялық келісімшарттарда белгіленген мерзім аяқталғанға дейін өзінің қолданылуын сақтайды.

2. Осы Заңның 21-1-бабы 2-тармағының, 22-бабының 3, 4 және 5-тармақтарының салықтар сомаларын төлеу бөлігіндегі нормалары уәкілетті органмен 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған инвестициялық келісімшарттар бойынша қолданылуын сақтайды.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.20 N 567-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының мына заң актілерінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н :

1) "Шетелдік инвестициялар туралы" 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24, 280-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 11, 143-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 17-18, 218-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; 1999 ж., N 21, 786-құжат; 2000 ж., N 10, 244-құжат);

2) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі жөніндегі" 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24, 281-құжат; 1995 ж., N 1-2, 15-құжат);

3) "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 4, 50-құжат; 1999 ж., N 21, 786-құжат).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті